

**Емделу үшін біржолғы зейнетақы төлемдерін пайдалану қағидаларын бекіту туралы  
Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрі 2021 жылғы 15 ақпандығы №  
ҚР ДСМ-18 бүйрігі**

«Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 7 шілдедегі Кодексі 7-бабының 60-1) тармақшасына сәйкес **БҮЙІРДАСЫН**:

1. Қоса беріліп отырған Емделу үшін біржолғы зейнетақы төлемдерін пайдалану қағидалары бекітілсін.
2. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Медициналық көмекті ұйымдастыру департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:
  - 1) осы бүйрікты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;
  - 2) осы бүйрікты Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің интернет-ресурсына орналастыруды;
  - 3) осы бүйрікты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркегеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Заң департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.
3. Осы бүйріктың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау вице-министріне жүктелсін.
4. Осы бүйрік алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және 2021 жылғы 1 қантардан бастап пайда болған қатынастарға қолданылады.

**Қазақстан Республикасы  
Денсаулық сақтау министрі**

**А. Цой**

«КЕЛІСІЛДІ»  
Қазақстан Республикасының  
Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі  
С. Шапкенов

«КЕЛІСІЛДІ»  
Қазақстан Республикасының  
Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі  
М. Әбілқасымова

Қазақстан Республикасы  
Денсаулық сақтау министрі  
2021 жылғы 15 ақпандығы  
№ ҚР ДСМ-18 бүйрікпен бекітілген

**Емделуге берілетін біржолғы зейнетақы төлемдерін пайдалану  
қағидалары**

**1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы емделуге берілетін біржолғы зейнетақы төлемдерін пайдалану қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 7 шілдедегі Кодексі (бұдан әрі - Кодекс) 7-бабының 60-1) тармақшасына, «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» 2013 жылғы 21 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі - Зан) сәйкес өзірленді және емделуге берілетін біржолғы зейнетақы төлемдерін пайдалану тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда мұнадай анықтамалар пайдаланылады:

1) алушы - осы Қағидаларда көзделген тәртіппен өзінің біржолғы зейнетақы төлемдерін және (немесе) жұбайының (зайбының) және (немесе) жақын туыстарының біржолғы зейнетақы төлемдерін емделуге пайдаланатын жеке тұлға;

2) бейінді маман - жоғары медициналық білімі бар, денсаулық сақтау саласында сертификаты бар медицина қызметкері;

3) біржолғы зейнетақы төлемі - Заңың 1-бабының 2-1) тармақшасына сәйкес белгіленген тәртіппен салымшы (алушы) тұрғын үй жағдайларын жақсарту және (немесе) емделуге ақы төлеу мақсатында бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан (бұдан әрі - БЖЗК) алып қоятын, міндетті зейнетақы жарналары және (немесе) міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен қалыптастырылған зейнетақы жинақтарының сомасы;

4) біржолғы төлемдерге арналған арнайы шоттар (бұдан әрі - арнайы шот) - тұрғын үй жағдайларын жақсарту және (немесе) емделуге ақы төлеу мақсатында БЖЗК-дан төленетін біржолғы зейнетақы төлемдерін есепке жатқызу үшін «Қазақстан Республикасындағы тұрғын үй құрылышы жинақ ақшасы туралы» Қазақстан Республикасы 2000 жылғы 7 желтоқсандағы Заңың 2-бабының 3-1) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын уәкілетті операторда біржолғы зейнетақы төлемдерін алушы ашатын ағымдағы банктік шот;

5) емдеу - аурудың ағымын жоюға, тоқтата тұруға және (немесе) женілдетуге, сондай-ақ оның өршуінің алдын алуға бағытталған медициналық қызметтер көрсету кешені;

6) жақын туыстар - «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасы 2011 жылғы 26 желтоқсандағы Кодексінің 1-бабы 1-тармағының 13) тармақшасына сәйкес анасы бір және ата-анасы бөлек ағалы-інілер мен апалы-сіңлілер (аға-қарындастар), ата, әже, немерелер;

7) медициналық ұйым - негізгі қызметі медициналық көмек көрсету болып табылатын денсаулық сақтау ұйымы;

8) етініш беруші - Заңға сәйкес БЖЗК-дан біржолғы зейнетақы төлемдерін алуға үміткер салымшы (алушы);

9) уәкілетті оператор - Заңың 1-бабының 37-1) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын, тұрғын үй жағдайларын жақсарту және (немесе) емделуге ақы төлеу мақсатында бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан төленетін біржолғы зейнетақы төлемдеріне арналған арнаулы шоттарды ашуды және жүргізуіді жүзеге асыратын заңды тұлға (занды тұлғалар), сол шоттарға бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры міндетті зейнетақы жарналары және (немесе) міндеттін кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен қалыптастырылған зейнетақы жинақтарынан біржолғы зейнетақы төлемдерін аударуды жүзеге асырады;

10) электрондық цифрлық қолтаңба (бұдан әрі - ЭЦК) - электрондық цифрлық қолтаңба құралдарымен жасалған және электрондық құжаттың анықтығын, оның тиесілілігін және мазмұнының өзгермейтіндігін растайтын электрондық цифрлық нышандар жиынтығы.

## 2-тaraу. Емделуге берілетін біржолғы зейнетақы төлемдерін пайдалану тәртібі

3. Емделуге берілетін біржолғы зейнетақы төлемдерін пайдалану үшін өтініш беруші БЖЗҚ-дан біржолғы зейнетақы төлемінің қолжетімді сомасы туралы ақпаратты, оның ішінде БЖЗҚ-ның интернет-ресурсы арқылы өз бетінше алады.

4. Өтініш беруші ЭЦҚ арқылы уәкілетті оператордың интернет - ресурсында авторизацияланады және өзінің жеке кабинетін ашады, онда заңың 30 - бабының 1-тармағына сәйкес соманы және пайдалану мақсатын көрсете отырып, емдеуге арналған біржолғы зейнетақы төлеміне арналған электрондық өтінішті (бұдан әрі-Төлемге арналған өтініш) толтырады, ол өз ЭЦҚ-сын куәландырады.

5. Алушы жұбайының (зайыбының) және (немесе) жақын туыстарының біржолғы зейнетақы төлемдерін пайдаланған жағдайда, Тараптар алушының жеке кабинетінде некені (ерлі-зайыптылықты) немесе туыстық қатынастарды растайтын құжаттарды қоса бере отырып, олардың ЭЦҚ-мен куәландырылатын біржолғы зейнетақы төлемдерін беру туралы келісім жасасады.

6. Уәкілетті операторда тіркелген төлемге өтініш туралы мәліметтер БЖЗҚ-ға электрондық хабарлама шенберінде БЖЗҚ мен уәкілетті оператор арасында жасалған тиисті келісімде белгіленген тәртіппен 2 (екі) жұмыс күні ішінде келіп түседі.

7. БЖЗҚ уәкілетті оператордан электрондық хабарлама алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде біржолғы зейнетақы төлемінің сомасын уәкілетті операторға аударады, ол оны өтініш берушінің уәкілетті оператор ашқан арнайы шотына есепке алады.

8. Беру кезінде біржолғы зейнетақы төлемдерін уәкілетті оператор 5 (бес) жұмыс күні ішінде өтініш берушінің арнайы шотынан алушының арнайы шотына аударады.

9. Алушы қаражат арнайы шотқа түскеннен кейін Заңың 31 - бабының 1-1-тармағында және (немесе) 32-бабының 1-1-тармағында белгіленген талаптарға сәйкес келген кезде дәрігерлік комиссияның қорытындысын (бұдан әрі-қорытынды) беру туралы өтінішпен өзі тіркелген жердегі медициналық ұйымға жүгінеді және жеке басын куәландыратын құжаттың қөшірмесін және бейінді маманың қорытындысын қоса береді.

10. Корытынды беру үшін медициналық ұйым басшысының бүйрүғымен дәрігерлік комиссия құрылады. Дәрігерлік комиссия мүшелерінің жалпы саны тақ санды, кемінде үш дәрігерді құрайды. Дәрігерлік комиссияның құрамы, мүшелерінің саны медициналық ұйым басшысының бүйрүғымен бекітіледі.

11. Медициналық ұйымның құрылымдық бөлімшелерінің менгерушілері, дәрігер-мамандар дәрігерлік комиссияның мүшелері болып табылады, дәрігерлік комиссияның қызметіне басшылықты төраға жүзеге асырады.

12. Дәрігерлік комиссияның ұйымдастырушылық қызметін дәрігерлік комиссияның хатшысы қамтамасыз етеді. Дәрігерлік комиссияның хатшысы дәрігерлік комиссияның мүшесі болып табылмайды және дәрігерлік комиссия шешім қабылдаған кезде дауыс беру құқығы жоқ. Дәрігерлік комиссия хатшысының функцияларын медициналық ұйымның жауапты адамы орындаиды.

13. Дәрігерлік комиссияның отырысы күндізгі нысанда және (немесе) онлайн бейнеконференцбайланыс арқылы (комиссия мүшелері әртүрлі өнірлерде болған жағдайда) өткізіледі.

14. Дәрігерлік комиссияның отырысы Комиссия мүшелерінің жалпы санының үштен екісі қатысқан кезде заңды деп есептеледі.

15. Дәрігерлік комиссияның шешімі комиссия отырысына қатысушылардың жалпы санының көпшілік даусымен қабылданады.

16. Дауыстар тең болған жағдайда дәрігерлік комиссияның төрағасы дауыс берген шешім қабылданды деп есептеледі.

17. Осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес біржолғы зейнетақы төлемдері есебінен төленетін медициналық қызметтер көрсетуге арналған медициналық айғақтар қорытынды беру үшін негіз болып табылады.

18. Дәрігерлік комиссия өтініш беруші өтініш берген күннен бастап 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірмей шешім қабылдайды:

1) өтініш берушіні медициналық айғақтар бойынша біржолғы зейнетақы төлемдері есебінен емделуге жіберу туралы;

2) медициналық көрсетілімдер болмаған жағдайда, өтініш берушіні біржолғы зейнетақы төлемдері есебінен емделуге жіберуден бас тарту туралы шешімдердің бірін қабылдайды.

19. Медициналық ұйымның жауапты адамы уәкілетті операторға ұсыну үшін дәрігерлік комиссияның отырысы өткізілген күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде өтініш берушігө осы Қағидаларға [2-қосымшага](#) сәйкес нысан бойынша қорытынды береді.

20. Өтініш беруші қорытындыны алғаннан кейін шетелдікті қоса алғанда, медициналық ұйымды таңдайды және одан әрі Шарттың сканерленген нұсқасын және дәрігерлік комиссияның қорытындысын уәкілетті оператордың интернет-ресурсындағы өзінің жеке кабинетінде тіркей отырып, онымен медициналық қызметтер көрсету туралы шарт жасасады.

21. Алушы ұсынған құжаттар біржолғы зейнетақы төлемдерінің нысаналы мақсатына сәйкес келген кезде уәкілетті оператор алушыдан құжаттарды алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде біржолғы зейнетақы төлемдерін олардың нысаналы мақсаты бойынша аударады.

22. Емделуге ақы төлеуге арналған біржолғы зейнетақы төлемдерінің нысаналы пайдаланылуын растайтын құжаттар мыналар болып табылады:

1) қорытынды;

2) медициналық ұйым мен алушы арасында жасалған медициналық қызметтер көрсету туралы шарт (шарт шет тілінде жасалған жағдайларда нотариалды куәландырылған аудармасын қоса бере отырып) және (немесе) сатушы мен алушы арасындағы дәрілік заттарды сатып алуға арналған шарт.

Медициналық ұйым мен алушы арасында жасалған медициналық қызметтер көрсету туралта осы Қағидаларға [1-қосымшага](#) сәйкес медициналық қызметтердің түрі және дәрігерлік комиссияның қорытындысынан белгіленген диагноз көрсетіледі.

23. Алушы осы Қағидалардың [22-тармағында](#) айқындалған біржолғы зейнетақы төлемдерінің нысаналы пайдаланылуын растайтын құжаттарды ұсынбаған жағдайда, қаражат арнайы шотқа келіп түскен күннен бастап 45 (қырық бес) жұмыс күні ішінде БЖЗҚ-ға қайтарылуға жатады.

24. Біржолғы зейнетақы төлемдері Заңның [31-бабының 1-1-тармағында](#) және (немесе) [32-бабының 1-1-тармағында](#) белгіленген талаптарға сәйкес келген кезде осы Қағидалардың шарттарына сәйкес тізбеде көзделген медициналық қызмет түрлерін шектемей, шектесіз рет пайдаланылады.

25. Емделуге берілетін біржолғы зейнетақы төлемдерін пайдалану қолма-қол ақшасыз жүзеге асырылады.

26. Осы Қағидалардың [4-тармағында](#) көрсетілген емделуге арналған біржолғы зейнетақы төлемдері сомасының бір бөлігі жеткіліксіз болған кезде алушының өз қаражаты пайдаланылады.

Емделуге берілетін біржолғы зейнетақы төлемдерін пайдалану [қағидаларына](#)  
[1-қосымша](#)

## Біржолғы зейнетақы төлемдері есебінен төленетін медициналық қызметтер

№	Медициналық қызметтер
1	«Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 7 шілдедегі Кодексі 177-бабының 3-тармағына сәйкес денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган айқындайтын тізбесі бойынша

	орфандық ауруларды емдеу, оларды дәрілік қамтамасыз ету, сондай-ақ емдеу тактикасын айқындау үшін диагностикалық зерттеулер
2	Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан медициналық ұйымдарда көрсетілетін стоматологиялық қызметтер (тістерді протездеу, импланттау)
3	Операциядан кейінгі тыртықтар мен туда біткен ақауларды, сондай-ақ жүргізілген мастиектомиядан кейінгі түзету мақсатында реконструктивтік және қалпына келтіру операциялары (пластикалық)
4	Радионуклидтік және радиоидтерапия
5	Радиохирургиялық емдеу (гамма-пышақ, киберпышақ)
6	Протон терапиясы
7	Офтальмологиялық қызметтер (мүйізді коллагеннің кросслинкингі, көзді лазерлік түзету)

Емделуге берілетін біржолғы зейнетақы  
төлемдерін пайдалану [қағидаларына](#)  
2-қосымша

Нысаны

**біржолғы зейнетақы төлемдері есебінен өтініш берушіні емдеуге жіберу туралы  
дәрігерлік комиссияның қорытындысы**

20\_\_ жылғы «\_\_» \_\_\_\_ №\_\_\_\_\_

Жеке  
берілді \_\_\_\_\_ Тегі, Аты, Әкесінің аты (болған жағдайда)

Тұған \_\_\_\_\_ күні

Жынысы

Жеке \_\_\_\_\_ сәйкестендіру нөмірі

Үйінің мекенжайы, телефоны (Домашний) \_\_\_\_\_ адрес,

Жұмыс орны \_\_\_\_\_  
Диагнозы \_\_\_\_\_

Дәрігерлік \_\_\_\_\_ - консультациялық комиссияның  
қорытындысы \_\_\_\_\_

1) жеке тұлғаны біржолғы зейнетақы төлемдері есебінен емделуге жіберу \_\_\_\_\_

(осы Қағидаларга [1-қосымшаға](#) сәйкес медициналық қызметтің түрі көрсетілсін.  
Дәрілік заттарды емдеу үшін тағайындаған жағдайда дәрілік заттардың халықаралық

*патенттеген атауын, мөлшерін, өлием бірлігін (құты, таблетка, түйіршіктер, пакет) нақтылай отырып көрсету қажет)*

2) себебін көрсете отырып, жеке тұлғаны біржолғы зейнетақы төлемдері есебінен  
емделуге жіберуден бас тарту \_\_\_\_\_  
(себебін көрсету)

Дәрігерлік комиссияның осы қорытындысы оны берген сәттен бастап 3 ай  
қолданылады.

Комиссия төрағасы \_\_\_\_\_  
(Т.А.Ә. (болған жағдайда) қолы)

Хатшы \_\_\_\_\_  
(Т.А.Ә. (болған жағдайда) қолы)

М.О.  
Күні